

«МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ» КОНЦЕПТІСІНІҢ ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК СУРЕТІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Бүкіл әлемде жаһандану құбылысы кең тарағанның салдарынан әр халық өз мәдениетінің ерекшелігін, менталитетінің өзгешелігін жоғалтуы мүмкін. Әрине, мәдениеттердің интеграциялануы жағымды үдеріс болып есептеледі, себебі адамдар, жалпы әлемдік мәдениетке бейімделіп оны игерсе, онда бір-бірімен этнотілдік, ұлттық конфликтік жағдайда болмай түсініседі. Бірақ жаһандану үдерісінің жағымсыз жағы да бар: халықтар өз тілін, өз мәдениетін жоғалтса, онда олар бірегейлігін де жояды.

Әрбір халықтың өзіндік менталитеті бар, себебі өзінің бет бейнесі, ерекшелігі айқындалмаған халықтың тарихта болуы мүмкін емес. Қазақ халқының менталитетінің де өзгешелігі бар. Менталитет ұғымын адамдардың нақты ісінен, өмір сүру тәсілінен, ойлау жүйесінен бөліп қарауға болмайды. Менталитетке халықтардың тұрмыс-жағдайынан, қалыптасқан мінез-құлқын, әдет-ғұрпын, ойлау жүйесін, салт-санасын бейнелейтін рухани келбетінің сомдалған жиынтығын жатқызуға болады.

Менталитет ұғымы белгілі концептосфера жиынтығы болып табылады. Бұл концептосфера адамның рухани дүниесін, дүниетанымын, таным-түсінігін, көзқарасын, бүкіл халыққа тән қасиеттерін бейнелейтін ұғымдардың жүйесі.

Дүниетаным ұғымы менталитеттің ерекшелігін

қамтиды да менталитетпен тікелей байланысты болады. Белгілі қазақ философы У. Ерғали оған мынадай анықтама береді: «Дүниетаным дегеніміз – адамның дүниеге (әлемге) деген рухани қатынастардың негізі болатын және солардың бәрін жалпылама түрде қамтитын адам мен әлемнің сан алуан арақатынасын білдіретін ұғым [1].

Дүниетаным адамзат мәдениетімен бірге қалыптасады. Ол саналы адам баласы бар жерде пайда болатын идеалдық жүйе. Қазақтардың дүниетанымдық таным-түсінігі ежелден бастап қалыптасқан. Оның негізінде ұжымдық санасыздық жатыр. Бұл ертеден қалған жалпы барлық адамдарға тән мұра.

Оның негізінде тұрақты образдар – архетиптер жатыр. К. Юнгтың айтуынша, архетиптік бейне арғы ата-бабалардан қалған кейіп ретінде жеке түрде жүзеге асырылмайды, ол барлық адамдарға ортақ бола тұрып, жеке тұлғаның психикалық негізін құрайды [2].

Қазіргі кезде «ментальность» яғни «ділімділік» деп қарайтын ұғымдар осы адамзаттық тарихи даму барысында қайта өңделген тұрақты бейнелер – архетиптер ретінде қарастырылады. Осы архетиптік кейіптердің негізінде қазіргі болмыстың негізгі қырлары қабылданды. Олар: уақыт, кеңістік, өнер, саясат, экономика, мәдениет, өр-кениет, дін.

Менталитет алдымен бүкіл халыққа, содан соң оның жеке өкілдеріне тән қасиет. Сондықтан да әр ұлттың өзіндік менталитеті бар. Бұл көрініс сол ұлттың жеке адамдары арқылы байқалып, жалпы сол ұлтқа, халыққа тән қасиетті бейнелейді.

«Менталитет» концептосферасының негізгі концепті «мінез-құлық» болып табылады. Оны ментальдық бірлік – концепт ретінде қарауға болады. Себебі осы ұғымды лингвомәдениеттік концепт ретінде қарастыруға болады, өйткені оның барлық концептілерге тән белгілері бар.

В.А. Маслованың пайымдауынша, концепт – лингвомәдениеттік өзгешелігі бар семантикалық құрылым. Ол этностық көзқарасын, дүниетанымын көрсету арқасында этностың әлемдік тілдік суретін сомдайды. Сонымен қоса, ол білімдердің кванты, себебі адамзаттық іс-әрекеттердің мазмұнын сәулелейді [3,47].

Лингвомәдениеттануда «концепт» термині жалпы белгілі бір этнос мәдениетінің басты эле-менті адамның ментальды әлемінің басты ұяшығы деп танылады. С.Д.Попова, И.А.Стерниннің пікірі бойынша, «Мәдени концепті – тілдік бейнесі және этномәдени ерекшелігі бар ұжымдық білім (сананың бірлігі) [4,48].

А. Исламның пайымдауынша, концептінің басты белгісі бар. Ол белгі – мәдени реңкті көрсету. Сондықтан ол ұлттық ерекше дүниетанымды түсінуде басты компонент болып саналады. А. Ислам концептіге мынадай анықтама береді: «Концепт дегеніміз – этномәдени салада сақталған, белгілі бір ұлттық ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін ұғым [5,15].

«Мінез-құлық» концептін де халықтың таным-түсінігін, көзқарастарын, мәдениеттік ерекшелігін білдіретін менталды-семантикалық құбылыс ретінде көрсетуге болады. Ол имплициттік түрде адамның сана-сезімінде болғанмен, тілде және жеке адамдарға тән мінезде, қылықтарда көрінеді. Осындай жеке адамдарға және мінез-құлықтарда арғы ата-бабалардан, ұрпақтан ұрпаққа берілетін архетиптік тұрақты бейнелер, мінез-құлықтың стереотиптері жатады.

«Мінез-құлық» концепті – халықтық білімнің жиынтығы. Ол жағымды және жағымсыз мінез-құлықтар туралы түсінік беріп, белгілі әлеуметтік жағдаяттарда жағымды мінезді көрсетуге, жаман мінезден қашуға бағдар-бағыт беріп отырады. Осында «мінез-құлық» концептінің негізінде ежелгі архетиптер жатыр. Олар ата-бабалардың мінез-құлықтарының үлгілері туралы түсінік береді. К. Касья-

нова өзінің «О русском национальном характере» деген еңбегінде мынадай салмақты пікір білдіреді: ұлттық және этникалық мінез-құлықтың негізінде белгілі заттар құбылыстардың немесе идеялардың жиынтығы жатыр. Олар әртүрлі мәдениеттік қауымдастықтардың өкілдерінің сана-сезімінде осы сентименттер типтік іс-әрекет жасауға жеке тұлғаның сана-сезімінде осы бірліктер белгілі «зат – іс-әрекет» тізбесін құрайды. Осы тізбе – әлеуметтік архетип деп аталады [6,32].

Әлеуметтік архетип ата-бабалардан мұра ретінде ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Мысалы, қазақтардың мінез-құлығының негізінде жеті аталық үрдісте сақталған көшпелі қазақтардың туыстық-қандастық жүйені реттейтін, өмір сүрудің нормалары, моральдық-этикалық критерийлер жатыр. Қазақ шежірешілдігі тарихи зердесінің үш-қырлығы ұлы далада, қазақ табиғатта көшпелі өмір сүретін адам үшін өмір сүрудің құралы. Әрбір адам өзін жалғыз сезінбеу үшін, бір-біріне сенімді болуының негізі – ру-тайпадағы адамдардың арасындағы моральдық-этикалық қатынастардың болуы. Осындай қарым-қатынас жасау барысында бөлек-бөлек моральдық-этикалық нормалар қалыптасқан. А. Тарақтының пікірінше, осындай нормалар «Көшпелі қоғамда сұрыпталып, шыңдалғандығы сонша, сол қоғамдағы барша өмір салты қапысыз реттеп отыруға қызмет еткен. Бұл ретте туыстық қарым-қатынастар нормасы таза моральдық-этикалық категория шеңберінен шығып, қоғамдық өмірді реттейтін заң, кодекс деңгейіне көтерілген [7,40].

Осындай нормалар адамдарда жағымды (ізетті, парасатты, имамды, тәртіпті, жомарт, қонақжай, бауырмалшыл, батыр, ержүрек, ақ пейілді, адамгершілігі мол т.б.) қасиеттерді қалыптастыруға бағдарлаған. Ал жағымсыз қасиеттерге ие болған адамның мінез-құлқы осындай нормаларға сәйкестенбейді, сондықтан да туыстық қарым-қатынас нормасын бұзған адамды ұрмай-соқпай-ақ, атып тастамай-ақ, сол ортасы жатсынып, оған «елден шыққан», «ата салтын аттаған», «қара бет», «жетесіз», «мәңгүрт» деген айып ат тағылатын болған. Көшпенділер қоғамының тәрбиесін көрген дені дұрыс адам үшін бұдан ауыр жаза жоқ.

Сондай адамгершілік, жағымды қасиеттерге «имандылық» ұғымы жатады. Имандылық қасиетіне «мейірімділік» те жатады. М. Әуезов «Абай жолы» романында Абайға тән имандылық, мейірімділік мінездерді көрсетеді. Мысалы, Абай талай рет кедей жолдастарына (Базаралы, Дәркембай, Ербол, т.б.) көмек көрсетіп, мал беріп отырған. Сонымен қатар, жұт болғанда кедейлердің малын

Жидебайға айдатып, оларға шөп бергізіп ашыққан адамдарға ауылдың әйелдеріне тамақ пісіруге бұйрық беріп, тамақтандырып, талай уақыт Жидебайда ұстап, малдарымен бірге кедей туысқандарды қажетті мүлік сайманмен қамтамасыз еткен. Мысалы: *Сол жолда Абай Базаралы үйінің сауын, сойыс жағын да аңғарған. Астына мінер атының жоғын да біліп еді. Кейін Базаралы қайтқан соң, оның үйіне он шақты сойыс малын айдатқан және өзінің мінуіне арнап, бұл өмірде сирек кездесетін маңдай жақсы темір қаракөк ат жіберткен болатын* (М. Әуезов. Абай жолы, 4-т. 74-б.). *Немене, Дәндеке? Сен бірдемеден күрмеліп, отырсың ғой. Айтшы маған, не күдік, не бөгеттерің бар? – деп Дәндібайдан бет бұрып Дәркембайға да қарап еді. Дәркембай салқын жүзін бұзбас-тан Абайға бар денесімен бұрылды: – Айтқан ақылың да, байлауың да бәрі жақсы, топ алдына бармай есе тимесін көріп отырмыз. Бірақ мыналардың күмілжіп отырғаны – Қалай жетеміз? – дейді. Жеті бірдей аты кеткен жатақ ауылда, қай жетісіп тұрған ат пен тон бар? – деді. Абай бұл тұста да өзінің ісіл байлауынан жаңылған жоқ. Біреуінің атың бар көрінеді ғой. Енді біреуіңе ана мен жегіп келе жатқан шеткі ат, кіші құла ат тисін. Дәндібай, жаз бойы осыны сен жайла. Жылқы отарға шығарда қосарсың. Ал, Дәркембай, жаңа атпен қоса, тонды да айтып қалдың ғой – деді.*

Кеше кеуштен бері осы үйдің ішіне кіргізіліп қойған ұзынша, жаңа ақ сандықты Абай өзі барып ашты. Содан екі бөлек кездеме алып шықты. – Мынау асты-үстімен бір шапан. Бұны, Дәркембай, сен өзің істеп ки! – дегенде қарттардың бәрі, қатарынан үн қосып, сүйсіне күлді (М. Әуезов. Абай жолы, 4-том. 324-325-бб.). Абайдың ары бары екенін, иманжүзділігін Құнанбай Меккеге бара жатқанда, Қиясбайға 100 сом ақша беріп әкесінің аманатын өзіне алып, кейін Қиясбай, Дәрменге қолынан келер көмек беріп, Мәкенді алып қашқанда да қол ұшын берді: *Осы сәтте Абай жонын жұртқа беріп отыра берді де, Майбасар мен Тәкежанның Дәркембайдың жағасына жабысып отырған қолдарын қатты жұлып-жұлып алып, серпіп жіберді.*

- Құдай атқыр, арсыздар! Тарт былай! – деп қалды. Дәркембайдың көзі Абайға түскенде, оның жүзі боп-боз болып, екі көзі қанталап, Майбасар мен Тәкежанды жарып өткендей от шашып тұр екен.

- Килікпеңдер, арсыздар! Бұның сөзі әкемнің құдай алдында жауап беретін сөзі. Нені ұғып, ойлаушеңдер сендер! Көр кеуде арсыздар! Меккеге

бара жатқанда да әкем осындай күнәм бар деп бара жатқан жоқ па? – деп, Майбасар мен Тәкежан-ға ауыз аштырмады. Сол сәтте Дәркембайға бетін бұрып: – Дәркембай! Айтпасыңа болмаған шығар. Орайлы арызың болған соң қысылшаң жерде айтсаң да айыптай алмаймын. Мен қарыздармын әкем үшін. Қарғамай, сілемей қайта бер, жарқыным. Сөзің жетті маған. Етім түгіл сүйегімнен өтті. Бар қазір, жүре беріңдер! – деді. Дәркембайды сүйеп тұрғызды да, Дәрменге қалтасынан жүз сом шығарып беріп, ол екеуін жөнелтіп салды (М. Әуезов. Абай жолы, 4-т. 17-б.). *«Маған ұрысқан жоқ. Бірақ сөз де қатқан жоқ. Берік жайға жайғасып көріңдер! Ұлыққа арыз жазып, сол арызбен Мәкенді енгізуден басқа шара жоқ. Әбіш арыз жазсын, ар жаққа өтіңдер! – дегенді ғана айтты, – деп Дәрмен бұл үйден алып шыққан ақылы мен байлауын қысқа ғана сөйледі* (М. Әуезов. Абай жолы, 4-т. 91-б.). *«Кәкітай қабақ түйіп Абайдың кесек анық жазуын шапшаңдата оқыды. «Дәрмен басы маған қандайлық екенін айтпай-ақ қояйын. Ол жыл санап халықтың да қадірлісі, аяулысы болып келеді. Сен де дос көретін тәрізді ең. Мен соныңды құптай тұғым. Ал дос болсаң «шын дос», айнымас дос дегізетін бол. Әйтпесе жаман дос көлеңке, күн ашықта қашып құтыла алмайсың, күн бұзылса іздеп таба алмайсың. Сені ел ішіндегі алыс-жұлыстан аулақ етіп сақтауға тырысқам. Бірақ онда да, менің алысуым әлсізге, айыпсызға адал, момынға, ел ұлына ара түсу болатын. Енді мынау кез болса мен сенің кезегің келді демекпін. Қалаға қашып келгендері дұрыс. Қырдың қара заңынан діннің шариятынан – бәрінен де орыстың заңы адам басын тәуір қорғайды. Ол жөнде әкімдермен соттар, сенің білетін ортақ. Мен саған міндет арттым* (М. Әуезов. Абай жолы, 6-том. 104-б.).

Абай мейірімділік, рақымдылық қасиеттеріне де терең мән бере отырып, өзінің он төртінші сөзінде жүректі адамға осындай қасиет лайық деп көрсетті: *«Рақымдылық, мейірбандық, әр түрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игеді демек, бұлар – жүрек ісі. Асықтық та – жүректің ісі.*

Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды» [8, 163].

Отыз алтыншы сөзінде Абай қазақтың «Ұят кімде болса, иман сонда», деген мақалын талқылауға салып, иманы кәміл адам мейірімді, ұятты болады, ал ұятсыз адам имансыз болады, деп көрсеткен. Ұят иманның бір мүшесі екен – деп шығарды. Ұяттың түрлерін талдайды (надандықтың

ұяты, шын ұят, жалған ұят). Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігінді ішінен өз мойнына салып, сөгіп қылған қысымның аты, – дейді [8, 190].

«Қазақтың мәтел-мәтелдері» кітабында [9] бірсыпыра адамгершілік мейірімділік туралы мақалдар келтіріледі: «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол»; «Кісінің көзіне көзін түссе, көңлі жібіп, мейірі түсер»; «Ақкөңілдің аты арып, тоны тозбас»; «Адам деген – ардақты ат»; «Су ылдифа ағады, кішіпейілдік адамға жағады»; «Қайырымды адамды халық қадірлейді»; «Адамның ұяты бетінде, адамгершілігі ниетінде»; «Кең пейілді кем болмас».

Имандылық сөзінің синонимдері – мейірімділік, рақымдылық, адамгершілік, қайырымдылық. Осындай қасиеттер ұлттық мінездік көрініске жатады. Егерде көркем әдебиетте ол кейіпкерлердің мінезінде халықтары арқылы көрінсе, дүниенің тілдік суретіндегі «ұлттық мінез» концепті осындай ассоциативтік жүйе, кеңістік негізінде, прототиптік категориялар арқылы айқындалады.

ӘДЕБИЕТ

1. *Ергали І.* Қазақ дүниетанымының негізгі ұғымдары. Астана, 2003.
2. *Юнг К.* Архетипы и символ. М.: Ренессанс, 1991.
3. *Маслова В.А.* Введение в когнитивную лингвистику. М.: Флинта, 2004.
4. *Попова С.Д., Стернин И.А.* Семантико-когнитивный анализ языка. Воронеж: Истоки.
5. *Ислам А.* Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті: Докт. дис. авторефераты. Алматы, 2004.
6. *Касьянова К.* О русском национальном характере. М.: Истоки национальной модели экономики, 1994.
7. *Тарақты А.* Ауызша тарихнама. Алматы, 1994.
8. *Абай Құнанбаев.* Қара сөздер. Алматы, 1984.
9. Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы: Паритет, 2004.